

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысының  
нәтижелері бойынша  
аналитикалық анықтама**

Алматы қаласы

2 мамыр 2024 жыл

**№160 жалпы білім беретін мектептің 01.04.-30.04.2024 жыл аралығында  
сыбайлас жемқорлыққа ішкі талдау жүргізу нәтижелері**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кестесіне сай мектеп директорының 2024 жылғы 1 сәуірдегі №30 бұйрығына сәйкес 01.04.-30.04.2024 жыл аралығында мектеп қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Мектеп бойынша жазылатын нормативтік құжаттар және бұйрық кітапшалары тексеру барысында уақытылы жүргізілген, талапқа сай жазылған. Осы құжаттар негізінде жауапты қызметкерлер бұйрықтар негізінде анықтама жазып, шешімдер қабылдаған. Атқарылған жұмыстар мектептің ішкі ережелеріне сай орындалған.

2023-2024 оқу жылының басында мектеп директорының бұйрығымен әкімшілік мүшелерінің әрқайсысының лауазымдық міндеттері бекітілген. Осы қағидаттар негізінде жұмыстар атқарылуда.

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарының қаржылық – шаруашылық есебі толық тексерілді. Мемлекеттік сатып алу саласы бойынша оқшылықтар анықталған жоқ.

**Нәтижесі:**


1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға байланысты ескертулер мен ұсыныстар 2024 жылдың 30 сәуір сағат 20.00-ге дейін қабылданды.
2. №160 жалпы білім беретін мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына тексеріс барысында ешқандай қайшылықтар орын алған жоқ.
3. Тексеру кезінде мүдделер қақтығыс анықталған жоқ.

4. Ішкі нормативтік құжаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы фактілері анықталған жоқ.

**Қорытынды:**

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Мектеп директоры



Садыкова А.С.